



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-154-1-154-164>

ХҒТАР 17.01.07
Ғылыми мақала

Ж.Ә. Аймұхамбет^{1b}, М.Д. Дженбаев*^{1b}

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: a_zhanat@mail.ru*, zhiembraev.meir@gmail.com)

МИФ ПЕН ПОЭЗИЯДАҒЫ «ОТ» МЕТАКОДЫ

Аңдатпа. Мақалада мифология мен поэзиядағы метакод туралы түсініктер мен тұжырымдар зерделеу нысанына алынып, жекелеген метакод сөздер, атап айтқанда «от» метакоды талданады. Жаңа парадигмаларға сәйкес жүргізілген бұрынғы және бүгінгі зерттеулерді қатар қамту арқылы мәдени код ұғымына терең үңіліп, адамзат қауымының ойлау деңгейіндегі алғашқы түсінік-ұғымдарды саралау, мифтік таным арқылы санаға орныққан «от» метакодының көркемдік-эстетикалық қызметін анықтау – бұл зерттеудегі басты мақсат. Осы тұрғыдан келгенде бұл ұғымның қазақ фольклорының түп-тамыры боп саналатын түркі мифтері мен оның бүгінгі қазақ классикалық әдебиетіндегі интерпретациясын зерттеп, әлем әдебиетінің үлгілерімен салыстыру барысында ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау қажеттігі басым екендігі ескерілді. «От» ұғымын метакод ретінде қарастырып, оның әлем мифологиясындағы орны мен классикалық шығармалардағы функциясын көрсетуде поэзия туындылары талданады. Метакод ретінде қалыптасқан ұғымның әдеби-көркем туындылардағы бейнелеу құралы ретіндегі қолданысы зерделенеді. XX-XXI ғасыр тоғысындағы классикалық поэзия үлгілерін негізге ала отырып жүргізілген зерделеуде «от» метакодының қолданысы мифтік таныммен салыстыра қарастырылып, ақындар бейнелеуіндегі мәні ғылыми негізде сараланады. Бұл талдаулар тиісінше ғылыми-теориялық пайымдармен бекітіледі. Миф пен поэзиядағы «от» метакодының танымдық-эстетикалық, көркемдік-бейнелік қызметін айқындаған талдаулар нәтижесінде ғылыми тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: миф, поэзия, таңба, архетип, от, метакод, символ.

Түсті: 05.01.2026; Жөнделді: 08.01.2026; Мақұлданды: 10.03.2026; Онлайн қолжетімді:
31.03.2026

Кіріспе

Миф туралы антикалық дәуірден күні бүгінге дейін түрлі тұжырымдар жүйесі анықталып, «мифология» деп аталатын ауқымды ғылым кеңістігі қалыптасқаны белгілі. Миф бірнеше ғылым саласында зерттеу нысанына алынып, әр ғылымның онымен байланысы сараланып келеді. Солардың ішінде сөз өнеріне қатысты ғылым салаларын ерекше айтамыз. Фольклор мен әдебиетте символ, метафора, егіздеу, т.б. бейнелеу тәсілдерінің, мотивтер мен сюжеттердің алтын тіні – миф. Мифтік баянды ежелгі қауымның әдеби мұрасы деп қана қарастыру үстірт ұстаным. Жаңа парадигмаларға сүйенген академиялық ұстанымға сәйкес, миф – жаңа қауымдық кезең мен ежелгі дәуірді байланыстыратын, таңбалар жүйесі арқылы әлемді түсіндіретін символдық кодтар жиынтығы.

Бұл таңбалар жүйесі – метакодтар, басқалай атасақ, алғашқы қауымның санасына ең алғашқы боп орныққан ұғымдар. Бұл терминді өз зерттеулерінде орыс ғалымы К.А.Кедров қолданып, түсінік берді. Кедров метакодты генетикалық кодпен салыстыра кеп, процесті ғылыми бағамға сала алмаған тұста адамзат түпсанасы алдыңғы орынға шығатынын жазған (Кедров, 2005).

Дүниетанымның қалыптасуының алғашқы сатысында аталған түсініктер ойлау жүйесінде әуелде «тірі образ» болып сақталып, кейіннен мотив пен символға айналды. Мифтегі қастерлі, нышанды ұғымдар уақыт өте келе өзіндік ерекше сипатымен дараланды. Сөйтіп әр атауға, сөзге тұспалды, ишаралы мән үстемеленді. Сөздің код ретіндегі қызметі басымдық алды. Яғни код ұғымынан көркемдік-эстетикалық, танымдық-бейнелілік мәнімен туындаған метакодтар кеше-бүгін ашылған жаңалық емес. Әр дәуірде миф пен көне аңыз-әпсаналарды зерттеушілер осы терминге ұқсас тұжырымдарды ұсынып, түрліше атап келген: Лотман – символикалық код, Леви-Стросс – құрылымдық код, Элиаде – сакральды уақыт пен кеңістік коды дейді.

Мәтіндегі сөздің, бейненің код ретіндегі қызметін тілші ғалымдар жан-жақты қарастырып келеді. Солардың біреуіне тоқталсақ, Қ.Сарекенова мен М.Ахметова (2025): «Қазіргі тіл білімінде тілдік сана мен ұлттық мәдени код мәселелері лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика бағыттарында кеңінен қарастырылып келеді. Әр ұлттың сөздік қоры оның тарихи жадын, дүниетанымдық ерекшелігін, тұрмыс-салт дәстүрін және рухани құндылықтарын бейнелейді. Сол себепті белгілі бір тілдік бірліктің семантикасын тек қана сөздіктік мағынасымен шектеу жеткіліксіз. Оның мәдени, мифологиялық және эмоциялық реңктерін ашу маңызды», – деп көрсетеді. Зерттеушілердің пайымдауынша тілдік бірліктің қызметін кеңірек қарастырған дұрыс. Сөздің код ретіндегі қызметінің мәнін танытуда мәдени-мифологиялық, эмоциялық реңктердің орны ерекше екені белгілі. Бейнелілік сипатымен дараланатын көркем туындылардағы жекелеген сөздердің мұндай сипаты барынша күрделене түседі.

Сөздің код ретіндегі қызметін танытуда филологтардың мына бір пікірлерін де ескере кеткен жөн: ««The concept of a language code in any natural system, from the standpoint of language symbol theory, builds the ability to label and transfer information outside the language» (Тіл тұрғысынан кез-келген табиғи жүйеде тілдік код ұғымы символдар теориясы, ақпаратты тілден тыс таңбалау және жеткізу қабілетін қалыптастырады)» (Zhakupov et al., 2023). Бұл тұжырымда тілдік кодтың символ түрінде түзіліп, таңбалық, ақпараттық қызмет атқаратыны айрықша айтылады. Символикалық мәннің сөзбен айшықталатынын танымдық бастаудан поэтикалық бейнелеуге ұласқан көркемдік

жүйеден көреміз. Бейнелеу тәсілдерінің бірі ретіндегі символдар мәтін құрылымында сан тараптық қызмет атқара алады. Айтылар ой, авторлық таным мен ұстаным суреткерлік ұстаханасында әр қырымен оқырманын жаңа бір өріске бастайды. Тілдік кодтың көркемдік жүйедегі метакод ретіндегі мәнін осы тұстан іздеген дұрыс.

Метакод – тамыры терең метафизикаға сүйене отырып зерделеу қажет тақырып. Себебі, мультимәдениет ұстанымы берік тұрған кезеңде нақты артефактілік дәлелдерсіз барлық адамзат қауымының бастауын бір жерден тарату қиын мәселе. Дегенмен, алғашқы қауымдық кезеңнен жалғыз дерек пен дәйек адам түпсанасы екенін ескерсек, географиялық факторға сүйенген мультимәдениеттен де бұрын ортақ қауымдық құрылыстың болғанын айғақтайтын зерттеулер болуға тиіс. Мифтік танымнан поэтикалық ойлау кеңістігіне жалғасқан метакод танымдық-эстетикалық қызметімен көркемдік жүйенің тетігінде тұрғанына біз мәтіндік талдаулар арқылы көз жеткіземіз.

Зерттеу деректері мен әдістері

Метакод ұғымын ашу мен «от» метакодын түсіндіру барысында аталмыш терминді енгізген К.А.Кедров пен мифолог ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып ХХ-ХХІ ғасыр тоғысында жарық көрген классикалық поэтикалық туындылар қарастырылды. Тақырыпты зерттеу барысында бұрынғы және бүгінгі поэзиялық туындыларды талдауда салыстырмалы-мифологиялық әдісі тұрғысынан жүзеге асты, метакодтарды анықтау үшін синтездік, имманентті әдістер қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау

Бұл тақырып ХІХ-ХХ ғасырда барлық ғылым саласында «үлкен жарылыс» тудырған. Адамзаттың шығу тарихын зерттеуге көшкен ғылыми мектептер түрлі болжамдар мен гипотезаларды ұсынды. Дж. Джордж Фрэзер (2001) «The Golden Bough» атты зерттеуінде мифтер мен магияның шығу тегін адамзат алғаш куә болған от, күн, найзағай, су тәрізді табиғат құбылыстарының әсерінен деп түсіндірген. Адамзат әуелде өзі көрген құбылысқа түсінік бере алмауынан оларды қандай да бір «жанды затқа», «тірі күш иесіне» теңеген деген болжайды зерттеушілер. Осыған ұқсас ойдың бірін Э. Бернетт Тэйлор (1871) өзінің «анимизм теориясында» алға тартты. Ол алғашқы қауымның от пен суға, көкке табынуын – анимизмнің көрінісіне балайды. Ал Выготский мифтің адам санасында қалай жаңғыратынын тіл мен ойлаудың дамуымен байланыстырады. Ғалым көне эпсаналарды ойлаудың тұңғыш формасы деп танып, уақыт сайын тіл арқылы жаңғырады деп санайды. Оның пікірінше, мифтік түсініктер бастапқыда танымдық құрал ретінде пайда болған және олар адамдардың шынайылықты түсінуіне көмектескен. Заманауи психологияда мифтік метакод тілдік формалар, символдар және мәдени стереотиптер арқылы сақталады. Мысалы, “қараңғылық – жамандық, жарық – жақсылық” деген мифологиялық метафора адамдардың ойлау жүйесінде әлі күнге дейін қолданылады. Мифтанушы М. Элиаде болса табиғатқа табыну ұғымдарын адамзат баласының ойлау қабілетінің алғашқы даму сатысындағы дүниені қабылдау тәсілі деген ой айтқан (Элиаде, 2002). Сондай тұжырымды өз еңбектерінде қазақ ғалымы С.Қасқабасов та қамтыған. «Мифтік санаға табиғат пен рухтың бірлігі тән. Осыдан барып оның негізі теңдік заңы боп саналады. Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең. Екінші кезеңде

адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастады» (Қасқабасов, 1984).

Бұл тақырыпқа жан-жақты зерттеу жүргізу арқылы мифтік кезеңді талдаудың жаңа парадигмалары ашыла бастады. Мәселен, британдық Б. Малиновский Фрээр тұжырымымен танысқан соң антропологиялық зерттеу жүргізу мақсатында Маилу мен Тробриан аралдарының жергілікті тұрғындарының арасында өмір сүріп, олардың наным-сенімі мен салт-санасын бақылады. Нәтижесінде, 1926 жылы «Myth in Primitive Psychology» атты еңбек жазып, онда ой-санадағы мифтік құбылыстарды кейбір ғалымдар атап жүрген қиялдан туған көркем шығарма, ертегі немесе құбылыстың астарлы түсінігі емес, тура мағынадағы әсер етуші функция яки қоғамдық жүйе, құрылым деп көрсетті (Malinowski, 1926). Арал халқының моральдық принциптері, өмірлік ұстанымдары, ырым-тыйым, әдеп пен этика мәселелерінің нұсқаулығы ретінде миф қызмет атқарып тұрғанын автор кітап бетіне түсірді. Яғни, әрбір халықтық мифте сол қауымның моральдық құндылықтары, әдеп кодексі өмір сүреді. Ғалымның айтпақ қорытындысы: миф – қоғамды тәрбиелеу мен басқару құралы бола алады. (Қазақ дүниетанымындағы отпен аластау, бәдік жыры, табу – мифтік бөлшектер екені түсінікті). Мифтердің, ондағы мотив пен символдардың қоғамдағы мінезді қалыптастыруы туралы тұжырым этнограф Р. Дарнтонның алты очерктен тұратын еңбегінде де келтірген. Кітаптың бірінші тарауындағы «Шаруалар ертегі айтады: ана қаз мағынасы» тақырыбындағы талдауда француз фольклорындағы ертегілердің әуелгі нұсқасы балалар оқып жүрген үлгіден өзгешелеу екенін алға тартқан. Ол ертегі сюжеті мен кейіпкер болмысында көрінген «өмір шындығынан» қоғамға өмір сүруді үйретуші қағида деген ұстанымды көреді (Кром, 2020).

Қазақ мифологиясын зерттеген С.Қондыбай былай дейді: «Біз мынау жалған дүниені тек символдар арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені, шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағын да шын мәнінде көре, біле, тани алмаймыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы символ арқылы кескіндеу болмақ» (Қондыбай, 2004). Аталған теорияны ғалым Р. Геннон еңбегіне иек артып келтіргенін де жазады.

Жоғарыда аталған ұғымдардың символ мен «тірі жандыға» айналуы психология мектептерінде де бірталай талас тудырған. Әрбір қарапайым ұғымның символға айналуы үшін оның адамға эмоционалды әсері болуы керек дейді психология саласы. Психоанализ мектебін қалыптастырушы З. Фрейд алғашқы қауым табиғаттың дүлей күштерінің алдында әлжуаз болғандықтан, оның қуатын мойындап, қорқыныш сезімін кешкенін айтады (Фрейд, 1913). Осы экспрессивті күй «найзағай», «от», «жаңбырды» ғаламат күшке айналдырды дейді. Карл Юнг, Рудольф Отто зерттеулері де осы тұжырымды қуаттайды. Мирче Элиаде еңбектерінде де түнімен найзағай жарқылдап, жаңбырдың тоқтаусыз жауып тұруы адам санасына экзистенциалды күйдің орнығуына ықпал еткенін айтты. Яғни, аталған құбылыстардың өздігінен болмай, оны қандай да бір құдіретті күш басқарып отыр деген ойлар туатынын болжайды. Француз антропология Л. Леви-Брюль (1922) «ұжымдық сана» туралы тұжырымында алғашқы қауымның табиғатты ажырамас бөлшек, адаммен егіз құбылыс деп тануынан, құбылыстарға «эмоция» тудырғанын айтқан. Яғни, табиғат та адам тәрізді «жылайды, күледі һәм ашуланады» деген мотивтің тууын тәпсірлеген.

Жоғарыда атаған табиғат құбылыстары адам санасына алғашқы символдық таңба ретінде еніп, адамзат дүниетанымында метакод қызметін атқарады. Дегенмен, метакод пен символдың аражігі көрсетілуі тиіс. Әйтпегенде, метакод өзінше термин ретінде қолданысқа ене алмайды. Метакодтың символдан басты айырмасы – оның адамзат жаралғаннан бергі бастапқы мәні мен тұлғасының өзгермеуінде. Ал дәуір жаңарған сайын сол кезеңмен бірге пайда болған материалар арасынан жаңа символдар туа беретіні анық. Метакодтар мифтің негізгі қаңқасына айналып, өзінің алғашқы символдық күші арқылы мифке негізгі арқатірек болады. Мәселен, Прометей жайлы мифте Зевс адамзат қауымына қаһарланып, жер бетіндегі ең игі нәрселерден айыруды бұйырғанда, жер жүзінен от жоғалып кетеді. Адам қауымына жаны ашыған Прометей Гефесттен отты ұрлап әкеліп, адамдарға тарту етті (Кун, 1922).

Оттың материалы қызметі – жарық беру, жану; символдық мәні – тіршілік, үміт, бірігу, даму. Әпсана бойынша оттың келуі – адамзат баласының дамуы, қайта тірілуі, гүлденуі мен көркеюінің белгісі. Қытай, славян, майя аңыздарының сюжетінде де қауым ел отты «қүдіретті күштерден» жалбарынып сұрап алады. Сонда «от» метакоды көптеген халық мифологиясында тіршіліктің жандануын суреттейді. Осыдан кеп, қазақ ұғымындағы «отбасы, ошақ басы, отау, отан, түгін» ұғымдары туады. Қазақ фразеологизмдерінің ішіндегі «ошағың сөнбесін», «шырағың өнбесін», «отың азаймасын», «түтінің түзу ұшсын» тәрізді қолданыстардың ілкі мәні осы ұғымдағы метакодта деп түсіндіре аламыз.

От метакодының бастауын космогониялық мифтен және көне түрік әдеби ескерткіштерінен көреміз. От Мағжан өлеңдерінен бастап поэзияда феноменалды бағыт алды. «Ұшырағанды шоқ қылар, шоқ қылар да жоқ қылар» оттың адамзат санасындағы бастапқы функциясынан бастап, «қызарып күн шыққанда, күн отынан туғанмын» дегені табиғатпен астасқан мифтің көрінісі. «От» деген өлеңіндегі:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім қысық, көзім де – от,
Өзіме өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ, –

деген жолдардан басталып, отты қараңғылықты ыдыратушы, зұлымдықты жоюшы, рухқа дем беруші күш ретінде сипаттайды (Жұмабайұлы, 2023) Бұл өлеңде от символикасы арқылы өткен тарих, ұлт рухы мегзеледі. «Жүрегі де, жаны да, иманы мен ары да от болып, жалынға жуынып оттан туған бала» – өлеңнің лирикалық қаһарманы. Оның болмысын айқындап тұрған отқа қатысты бейнелеулер. Мағжанның бұл өлеңінде от – рухты нұрландыратын, жүректі жылытатын нысан, қараңғылықты, зұлымдықты жоюшы, жамандықты аластаушы күш. Метафоралық бейнелеуден символикалық тұспалдауға ұласқан от поэтикалық тұрғыда метакод ретінде бейнеленер ойдың өзегінде тұр. Эстет, символист ақын Мағжан оттың мифтік бастаудағы жасампаздық әрі жойымпаздық қасиетін қатар алып, осы екі сипатын да жағымды қалыпта көрсетеді. От – дүниені күл қылар күшке ие, бірақ ақын оны қараңғылықты жоюшы деп бейнелейді. «Пайғамбар» атты өлеңінде осы сипатты барынша аша түседі. (Жұмабайұлы, 2023).

Қазіргі поэзияның ірі өкілі Темірхан Медетбек тәржімаларындағы нұсқада от пайда болуы жайлы айтылмайды, алайда алғашқы жолдар былай берілген:

Күркіреп, күркілдеп
От шашып жатқан;
Алып денесінен
Қып-қызыл болып
Өрт қашып жатқан
Тау менен тастар пайда болды (Медетбек, 2022).

Дүниенің жаратылуы туралы өлеңдегі бұл мифтік сюжетте оттың ассоциациясы ретінде күн аталады. Мұндағы ең назар аударатын тұс:

От жақса –
Шақпағына айналған,
Қол сүртсе –
Қолжаулығына,
Сілтесе – шоқпарына айналған.

Бұл жолдарда метакод ретінде оттың адам санасындағы алғашқы материалдық функциясы айқындалады. Ал оның көркемдік қызметі, символикалық қуаты:

Өзегіндегі оты
Өртке айналған.
Көмейіндегі сөзі
Сертке айналған, –

деген жолдарда айшықтала түседі (Медетбек, 2022). «Өзектегі от» – адамның ішкі менталдық қуатын, өмірлік мотивацияны жанған алаудың динамикасымен шендестіре бейнелейді. Мұқағали адамдағы «жігер, ерік, қайрат» аталған қасиеттерді отқа бейнелеп:

Оты сөнген жалғанда жан барсың ба,
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен –

дейді (Мақатаев, 2002). Оттың даму мәніндегі ұқсас мотив бүгінгі әдебиет өкілі Мейірхан Ақдәулеттің «Жалғасу заңы» өлеңінде былай бедерленеді:

Отырар еді анам
Оты бар жанды тектім деп...
Оталып кетпей,
О, қанша азап шектім көп!
Ойлармен ойнап,
От басар бала-қиялмен
Оқталатынмын ошаққа кіріп кеткім кеп
(Ақдәулетұлы, 2006).

Жалпы алғанда, мифологияда от пен су динамикалық процесс ретінде үлкен сын мен қатерді де қатар бейнелеуші. Көне түркілердегі отқа мінәжат жоғары болғанмен, адамзат санасында оттың өртке айналуы – қасірет пен жамандықтың кейпі. Қазақ танымындағы «жүзің күйсін, елден бөлек үйің күйсін» сынды ұғымдар жазалаушы оттың аяусыз мінезін адақтайды. Ежелгі грек аңыздарында пантеон заңын бұзғандар қызған алауда жазаланса, Құран түсінігінде күнәһар не ауыр қылмыс жасағанды о дүниеде отпен күйдіреді. Статикалық материяға жатпайтын оттың «өзектегі өртке» айналуы ішкі күйдің даму динамикасы, теориялық тұрғыда градациялық көркемдегіш тәсілге айналады. Жәркен Бөдеш өлеңдерінде «от пен су» паралелизмі өзгеше тармақталған.

Өрт дейміз-ау,
Өрт дегенім – өрт емес,

Жел үрлесе желігетін ерте-кеш.
Өрт дегенім – басқыншының айласы,
Өрт дегенім – қан жалатар дерт, егес... (Бөдешұлы, 2010)

Автор мұндағы өртті жауға балап, «қызыл қырғын, қызыл жұт» деп атайды. Екі жұртты бір-біріне айдап салушы үшінші тарапты ақын өртке теңеп, өртті тоқтатар «Ақжайықты» яғни, суды қатар тәпсірлейді. Ақын өлеңдері тарихи оқиғаны от пен су, жел сынды метакодтардың көркемдік қуатымен астастыра суреттейді.

Екінші жақтан, отқа жағу өздігінен алғанда тазартудың бір әдісі. От әдепкі өмірде зиянкес вируспен микробтарды жоятын элемент. Ал, адамзат қоғамындағы мыстандарды отқа жағу (о дүниеде отпен жазалау) – жер бетіндегі жамандықты от осылай тазалайды деген пайымнан туған болуы мүмкін. Шаманизмнің бүгінгі күнге жеткен отпен аластау жоралғысы да осы сенімнің бөлшегі. От – тән мен рухты қатар тазартатын құбылыс екендігінің әдеби мәтіндерде мысалы көп. Алайда, жаңа дәуір, Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттегі идеясы осы кезеңдегі қаламгерлерде рухани дәстүрден жаңылмай көрініс берген. Туындыларында мифтік символика мен образ-сюжеттерді айрықша қолданатын ақын Серік Ақсұңқарұлының:

Екі жақта лапылдаған екі от тұр.
Екі от емес –
Тамұқтағы екі өрт бұл!
Екеуінің ортасында Алаш қап,
Оған енді Әзәзіл кеп бал ашпақ;
Қойлыбайдай бақсы керек бұл елге
Жын періні қуатұғын аластап! –

деген шумағында әуелгі айтқан от метакодының тазарту мотивін көтеріп отыр. «Алас! Алас! Алас!» деп аталатын бұл өлеңнің идеясы – қараңғылық қамауынан босап, азат болған халықты «отпен аластау» (Ақсұңқарұлы, 2012).

От – ішкі-сыртқы дүниенің бәрін, түскен тұсын тып-типті жоятын күш. Ендеше, оның қарым-қатынас психологиясындағы мәні осымен шендес. «Екі оттың ортасында қалу», «арасына от тастау», «қолымен от көсеу» сынды фразеологизмдердің ішкі мәні де оттың функциясына құралған. Екі образдың арасындағы қақтығысты, шиеленіскен психологиялық күйді Темірхан Медетбек былай өрген:

Өртке айналды –
Жеткен әбден шегіне,
Өртке айналды –
Шошитұғын елі де.
Кетті өргеніп екеуінің тілегі,
Сыйластығы, жолдастығы...
Бәрі де (Медетбек, 2022).

Жаңа дәуірдегі модернистік поэзияда астарлы ой, ұғымдар, шендестіру мен метафораның өзгеше нұсқасы өрби түскен. Есенғали өлеңіндегі мына жолдар мазмұндық, көркемдік тұрғыдан поэзияның жаңа бір күрделі деңгейін көрсетеді:

Түнекті қуып санамнан,
Шырағым жанып тұр алда.
- Періште неден жаратылған?
- Оттан-дүр, - дейтін Құранда.
Мен жаққан осы шыраққа,

(Шырақ-ол үміт керемет)
Періште келмей,
бірақ та
Келеді жынды көбелек.

Мұнда шырақты «үмітке» балау арқылы тағы да құбылыстың метакоды ашылып, шынайы символикалық болмысына сілтеме беріліп тұр. Алайда, ол отқа періште емес, «тағдырдың» метафорасы боп «көбелек» ұшып келеді. Бір ғана өлеңде «үміт, тағдыр» сынды дерексіздер мен контекске жасырынған өмір мазмұны «жел, от, бұлт» тәрізді метакодтар арқылы бейнелеуге түседі (Раушанов, 2006).

Қорытынды

Метакод – әдебиет кеңістігінде көпауқымды тақырып. Талдау барысында метакодтар туралы жалпылама түсінік қалыптастыруға болады, дегенмен зерттеу тақырыбының табиғатын толық ашу үшін халықтық және әлемдік әдебиет үлгілеріне салыстырмалы-мифологиялық талдау мен кешенді зерделеу талап етеді. Аталған зерттеуді жүргізу әуелі, түпкі кезеңі түркі дәуіріне жалғасатын қазақ әдеби мұрасының тереңдігіне үңіліп, дәуірлер сабақтастығын дәлелдеумен қатар, басқа да ұлт пен ұлыстың көне дәуірде ортақ қауымдық санасы мен бірлігі болғандығын анықтауды мақсат тұтады.

Теориялық ұғымдарды ашу мақсатында зерттеу мақаласында Тәуелсіздік дәуіріндегі авторлардың шығармалары қамтылып, ондағы «от» метакодының қызметі мен көркемдік бейнесі анықталды. Аталған мысалдарды ұсыну арқылы оттың культтік образы мен әдеби-мәдени код ретіндегі ұрпақтар сабақтастығын, дәуірлерді байланыстырушы функциясын көрсеттік.

Зерттеу тұжырымы «от» метакодының барлық халыққа ортақ идея мен мотивке ие екендігіне сілтеме береді. Осылайша бірнеше ірі мәдениеттердің түп-тамырында ортақ ұғым-түсініктер бар екендігін көрсетеді. Басқа да ірі мәдениет өкілдері және прототүркілік кезең мен бүгінгі әдебиет үлгілерін синтездеу арқылы аталған тұжырымды дәйектеп, мәдени код ретінде алғашқы қауымдық түсініктер әдебиет беттерінде өмір сүріп келе жатқанын анықтай аламыз.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР22685428 – «Киелі мекендердің поэтологиялық моделі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

ЖИ құралдарының қолданылуы

ЖИ мүмкіндіктері ішінара кейбір тіркестердің редакциялық нұсқаларын салыстыру, библиографиялық деректерді дұрыс форматтау, транслитерациялау, сондай-ақ, халықаралық дәйексөз келтіру стандарттарына (АРА) сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылды.

Авторлардың қосқан үлесі. Ж.Ә. Аймұхамбет – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, бағыт-бағдар берді. Зерттеу жұмысының жалпы құрылымын, әдеби шығармалардағы метакодтардың қызметі мен көркем кеңістіктегі бейнесін анықтаудың әдіснамасын бағдарлап, негіздеді. М.Д. Дженбаев – зерттеу материалдарына талдау жүргізді, қорытындысы мен мақаланың рәсімделуіне үлес қосты.

Әдебиетгер тізімі

- Ақдәулетұлы, М. (2006) Бейуақтағы мінәжат. Алматы: «Жазушы»
- Ақсұңқарұлы, С. (2012) Қараорман. Өлеңдер. Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ.
- Бөдешұлы, Ж. (2010) Жұлдызтас. – Алматы: Атамұра
- Жұмабайұлы, М. (2023). Шығармаларының академиялық толық жинағы. 3 томдық. 1-том. Астана: Түркі Академиясы
- Кедров, К. А. (2004). Поэтическое познание. Метакод. Метаметафора. Космическое мировоззрение — новое мышление XXI века, 1 (1), 286-292. https://cyberleninka.ru/viewer_images/14999613/f/1.png
- Кром, М. (2020) Тарихи антропология. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы».
- Кун, Н. (1922) Легенды и мифы Древней Греции. Санкт-Петербург: «Public Domain»
- Қасқабасов, С. (1984) Қазақтың халық прозасы. Алматы: «Ғылым»
- Қондыбай, С. (2004) Арғықазақ мифологиясы 1-кітап. Алматы: «Дайк Пресс»
- Леви-Стросс, К. (2000) Мифология. Т-3. Санкт-Петербург: Университетская книга
- Медетбек, Т. (2022) Жүректегі сілкініс. Алматы: «Мазмұндама»
- Раушанов, Е. (2006) Бозаңға біткен боз жусан. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: «Раритет»
- Сарекенова, Қ., Ахметова М. (2025). Тілдік санадағы этномәдени концептілердің ассоциативтік көрінісі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 3 (152), 11-27. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27>
- Фрейд, З. (2000) Тотем и табу. Психология первобытной культуры и религии. Москва: «Эксмо»
- Фрэзер, Дж. (2001). Золотая ветвь: Исследование магии и религии: В 2 т. Т. 1: Гл. I-XXXIX / Пер. с англ. М. Рыклина. Москва: ТЕРРА—Книжный клуб
- Элиаде, М. (2002) История веры и религиозных идей: Том-1. От каменного века до элевсинских мистерий. Москва: «Критерион»
- Levy-Bruhl, L. (2010) [1922]. La mentalité primitive. Paris: Editions Flammarion. Re-edition of Lévy-Bruhl, 1922, La mentalité primitive, Librairie Félix Alcan, Paris, presented and annotated by Frédéric Keck.
- Malinowski, B. Myth in primitive psychology. Psyche miniatures, General Series, 6. Retrieved from: https://rcin.org.pl/Content/31582/PDF/WA004_20187_U6900_Malinowski-Myth.pdf (date accessed: 11.08.2025)
- Tylor, E.B. (1871). Primitive Culture. London: John Murray. Retrieved from: <https://archive.org/details/primitivculture01tylouoft/page/n7/mode/2up> (date accessed: 11.08.2025)
- Zhakupov, Zh., Sarekenova K., Aimukhambet Zh., Sagidolda Gu., Omirbekova Zh., Akhmetova M., Tuyakbayeva R. (2023). Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(3), 238-246. Retrieved from: <https://www.webof-science.com/wos/woscc/fullrecord/WOS:001222110300011> (date accessed: 11.08.2025).

Zh.A. Aimukhambet, M.D. Zhenbayev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The 'fire' metacode in myth and poetry

Abstract. The article explores interpretations of the metacode in mythology and poetry, with particular attention to the 'fire' metacode. Integrating classical and contemporary research shaped by new scholarly paradigms, the study examines the concept of cultural code and its earliest cognitive foundations, focusing on the artistic and aesthetic functions of 'fire' as internalized through mythic thinking. Special emphasis is placed on Turkic myths and their reinterpretation in modern Kazakh classical literature, alongside comparative analysis with examples from world literature. Treating 'fire' as a metacode, the article analyzes poetic texts to reveal its role and functions in world mythology and classical literary traditions. The study also investigates how metacode-based concepts operate as figurative and expressive devices in literary works. Drawing on poetic examples from the late twentieth and early twenty-first

centuries, it compares literary representations of 'fire' with mythological cognition and evaluates their poetic significance. Supported by relevant theoretical perspectives, the research identifies the cognitive, aesthetic, and imagistic functions of the 'fire' metacode, leading to well-founded scholarly conclusions.

Keywords: myth, poetry, sign, archetype, fire, metacode, symbol.

Ж.А.Аймухамбет, М.Д. Дженбаев

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Метокод «огня» в мифе и поэзии

Аннотация. В статье в качестве объекта исследования рассматриваются представления и система взглядов метакода в мифологии и поэзии, а также анализируются отдельные метакодовые слова, в частности метакод «огонь». Основная цель исследования — углублённое осмысление понятия культурного кода через сопоставительное рассмотрение прежних и современных исследований, проведённых в соответствии с новыми парадигмами, анализ первоначальных понятий и представлений в мышлении человеческого сообщества, а также определение художественно-эстетической функции метакода «огонь», укоренившегося в сознании посредством мифологического мышления. С этой точки зрения особое внимание уделяется необходимости изучения тюркских мифов и их интерпретаций в современной казахской классической литературе, а также выявлению сходств и различий путём сопоставления с образцами мировой литературы. Рассматривая понятие «огонь» как метакод, автор анализирует его место в мировой мифологии и функции в классических произведениях, опираясь прежде всего на поэтические тексты. Исследуется использование метакода как средства художественной выразительности в литературно-художественных произведениях. В рамках анализа, проведённого на материале образцов классической поэзии рубежа XX–XXI веков, употребление метакода «огонь» рассматривается в сопоставлении с мифологическим сознанием, а его смысловое наполнение в поэтических интерпретациях осмысливается на научной основе. Данные выводы последовательно подкрепляются научно-теоретическими обобщениями. В результате анализа познавательной-эстетической и художественно-образной функции метакода «огонь» в мифе и поэзии формулируются научные выводы.

Ключевые слова: миф, поэзия, знак, архетип, огонь, метакод, символ.

References

- Akdauletuly, M. (2006). *Beiuaktagy minazhat* [Prayer at an untimely hour]. Almaty: Zhazushy.
- Aksunkaruly, S. (2012). *Karaorman. Olender* [Dark Forest. Poems]. Almaty: El-shezhire Foundation.
- Bodeshuly, Zh. (2010). *Zhuldyz tas* [Star Stone]. Almaty: Atamura.
- Zhumabayuly, M. (2023). *Shygarmalarynyn akademiyaalyk tolyk zhinagy* (Vols. 1–3, Vol. 1) [Academic complete collection of works]. Astana: Turkic Academy.
- Kedrov, K.A. (2004). *Poeticheskoe poznanie. Metakod. Metametafora. Kosmicheskoe mirovozzrenie — novoe myshlenie XXI veka* [Poetic cognition. Metacode. Metametamorph]. *Kosmicheskoe mirovozzrenie*, 1(1), 286–292.
- Krom, M. (2020). *Tarikhiy antropologiya* [Historical anthropology]. Almaty: National Translation Bureau.
- Kun, N. (1922). *Legendy i mify Drevnei Gretsii* [Legends and myths of Ancient Greece]. Saint Petersburg: Public Domain.
- Kaskabasov, S. (1984). *Kazaktyn halyk prozasy* [Kazakh folk prose]. Almaty: Gylym.
- Kondybai, S. (2004). *Argykazak mifologiyasy* (Book 1) [Ancient Kazakh mythology]. Almaty: Daik Press.
- Levi-Strauss, C. (2000). *Mifologiki* (Vol. 3) [Mythologies]. Saint Petersburg: Universitetskaya kniga.
- Medetbek, T. (2022). *Zhurektegi silkinis* [Heart tremor]. Almaty: Mazmundama.

Raushanov, E. (2006). Bozanga bitken boz zhusan. Olender men poemalar [Gray wormwood grown in haze]. Almaty: Raritet.

Sarekenova, Q., & Akhmetova, M. (2025). Tildik sanadagy etnomadeni konseptilderin associativtik korunisi [Associative representation of ethnocultural concepts in linguistic consciousness]. Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 3(152), 11–27. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27>

Freud, S. (2000). Totem i tabu [Totem and taboo]. Moscow: Eksmo.

Frazer, G.G. (2001). Zolotaya vetv (Vol. 1) [The Golden Bough]. Moscow: Terra-Knizhnyi klub.

Eliade, M. (2002). Istoriya very i religioznykh idei (Vol. 1) [History of religious ideas]. Moscow: Kriterion.

Levy-Bruhl, L. (2010) [1922]. La mentalité primitive. Paris: Editions Flammarion. Re-edition of Lévy-Bruhl, 1922, La mentalité primitive, Librairie Félix Alcan, Paris, presented and annotated by Frédéric Keck.

Malinowski, B. Myth in Primitive Psychology. Psyche miniatures, General Series, 6. Retrieved from: https://rcin.org.pl/Content/31582/PDF/WA004_20187_U6900_Malinowski-Myth.pdf (date accessed: 11.08.2025)

Tylor, E.B. (1871). Primitive Culture. London: John Murray. Retrieved from: <https://archive.org/details/primitivculture01tylouoft/page/n7/mode/2up> (date accessed: 11.08.2025)

Zhakupov, Zh., Sarekenova K., Aimukhambet Zh., Sagidolda Gu., Omirbekova Zh., Akhmetova M., Tuyakbayeva R. (2023). Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(3), 238-246. Retrieved from: <https://www.webof-science.com/wos/woscc/fullrecord/WOS:001222110300011> (date accessed: 11.08.2025).

Авторлар туралы мәлімет:

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: a_zhanat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Дженбаев Меіржан Джумалиевич – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: zhienbaev.meir@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1431-4058>

Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy – corresponding author, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: a_zhanat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Zhenbayev Meirzhan Dzhumaliyevich – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhienbaev.meir@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1431-4058>

Аймұхамбет Жанат Аскербекқызы – автор для корреспонденции, д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва, Астана, Казахстан. E-mail: a_zhanat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7061-3000>

Дженбаев Меіржан Джумалиевич – докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва, Астана, Казахстан. E-mail: zhienbaev.meir@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1431-4058>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).